

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 28-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 468-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту мақсаты – тіл туралы білімдерді меңгеру, түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормалары және оларды өнімді тілдік әрекет барысында белсендету, сонымен бірге сөздік қорын байыту, байланыстыра айту жолдарын, қатынас мәдениетін, тілді жетілдірудің саналы және шығармашылықтық механизмдерін меңгеру негізінде тілдік әрекеттің барлық түрлері бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы зиялы және белсенді тұлғаны дамыту.

3. Оқытудың міндеттері:

1) тіл туралы білімдерді, оның түрлі салада және қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпикалық, орфографиялық, және грамматикалық) және тілдік этикет ережелерінде қызмет істеуін қалыптастыру;

2) оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) нормативтік және қатынас жағдайындағы сәйкестік көзқарастары жағынан тілдік құралдарды бағалау және таңдау қабілетін қалыптастыру;

4) түрлі тілілік жанрларда ауызша және жазбаша монологиялық сөйлемдерді құру қабілетін дамыту және жетілдіру;

5) табысты әңгімелік қатынас жасау, түрлі сала мен коммуникативтік жағдайда пікірталас жүргізу қабілетін жетілдіру;

6) орфоэпикалық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылығын жетілдіру;

7) қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершіліктік құндылық ретінде, және де қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал жасайтын тілдік капитал ретінде, тілге саналы қарауға тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның мазмұны, заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін

ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқытын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стилдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу үдерісі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік күзіреттілігін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, «кішкентай қадамдар» әдісі маңызды орын алады.

17. Оқудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы тәсілдер (көру бұзылымдары ескерілгендегі оқу ісінің алгоритмизациясы, сабақ құрылымының ерекшелігі, сақталған функцияларды дамыту бойынша арнайы гимнастика), оқу ақпаратын өңдеудің логикалық тәсілдері (нақтыландыру, үлгілер бойынша аналогиясын орнату, қорыту) қолданылады.

18. Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

- 1) шолу әдісі;
- 2) дидактикалық ойындар;
- 3) «Фонетика», «Лексика және фразеология» тақырыптарын оқу барысында кроссвордтарды табу, ребустарды, шарадаларды шешу;
- 4) тірек сызбалар;
- 5) мәтінді редакциялау;
- 6) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;
- 7) «дыбыссыз» сұрақ;
- 8) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;
- 9) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;
- 10) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: «Еркін ассоциациялар тәсілі»(суреттердің деректері бойынша), «Не болар еді, егер ...» (білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), «Әңгімені жалғастыр»;

11) «мағыналық бірліктер» тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: «Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?» және «Бұл жөнінде не айтылады (хабарланады)?». Қолданылатын қысқаша-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-ерік аясының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау (мысалы, «Қарапайым сөйлем») тақырыбын зерделеу барысында.

19. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға барлық психикалық процестердің тез сарқылуы тән, сондықтан сабақ кезінде іс-әрекеттерді ауыстырудың, әдістер мен тәсілдерді алмастырудың, жіктемелік тәсілдің, маңызыды материалды ойда сақтап қалу үшін көп рет қайталаудың, көру қабілеті, айналаны бақылау, оқу, жұмысты тынығумен алмастыру үшін жайлы жағдайлар жасаудың мағынасы зор.

20. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін тіл және әдебиет кабинеттерін жабдықтаудың нормалары белгіленген:

- 1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жинақталымы: проектор, интерактивтік тақта немесе экран;

2) электрондық басылымдар, DVD –гі видеофильмдер, электрондық плакаттар;

3) компьютер жинақталымы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, веб-камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

4) аудиторлық қабырға тақтасы.

21. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

1) түзетудің оптикалық құралдары: лупалар (қол, стационарлық және тірек); көзәйнектер (микроскопиялық, гиперокулярлық және телескопиялық); биноккулярлар және монокулярлар; проекциялық үлкейткіш аппараттар (эпипроекторлар және диапроекторлар);

2) көру аясының кемістіктері бар тұлғалар үшін (гемианопсия, түтікті көру қабілеті) арнайы оптикалық жүйелер, бұлар көру аясын қажетті шекте өзгертеді; егер көру қабілеті сапасының нашарлауы жоғары жарық жағдайларында болса, онда түссіз немесе түрлі-түсті әйнектен жасалған жарықтан қорғайтын түзету линзалары қолданылады;

3) компьютерлік тифлоқешен: жеке компьютер, брайлдік дисплей, брайлдік indexEverest (индекс Эверист) – D принтер, сканерлеу және оқуға арналған «Книголюб» бағдарламасы, экранды үлкейту бағдарламасы;

4) «Книголюб-стандарт» оқу жүйесі;

5) «Кітап» «VideoLightVGA (ВидеоЛайтВиДжиЭй)» электрондық үлкейткіш құрылғысы;

6) нашар көретіндерге арналған портативті үлкейткіш құрылғы.

### 3-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында– 102 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында– 68 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында– 68 сағатты;

6) 10-сынып - аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

23. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Тыңдалым және айтылым»;

2) 2-бөлім «Оқылым»;

3) 3-бөлім «Жазылым»;

4) 4-бөлім «Әдеби тіл нормаларын сақтау».

24. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) болжау;

- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 4) негізгі ойды анықтау;
- 5) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 6) сөйлеу мәдениетін дамыту.

25. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау;
- 5) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 6) оқылым стратегияларын қолдану;
- 7) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

26. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) эссе жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

27. «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі» келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

28. 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; негізгі ойды анықтау; негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері; ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер; оқылым стратегияларын қолдану; қажетті ақпаратты таба білу; Брайль жүйесінде басылған мәтінді оқуда қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын, танымдық белсенділігін арттыру, қалдық көру қабілетін сақтау;

3) жазылым: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру; хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу; сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу; эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды); мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу; қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетін пайдалану;

4) әдеби тіл нормалары.

29. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: көтерілген мәселені болжау; әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау; мәтін мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты түсіну; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру; ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу; есте сақтау қабілетін түзеу, танымдық белсенділігін арттыру, есту арқылы қабылдау қабілетін дамыту;

2) оқылым: мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; сілтеме жасау; қалдық көру қабілетін сақтау, нашар көретін балалардың бинокулярлық екі көзімен көру қабілетін дамыту;

3) жазылым: әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру; мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу; графиктік мәтін құрастыру; эссе жазу барысында абзацты жүйелі құрастыру, «келісу, келіспеу» эссесін жазу; жинақы мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау; дұрыс байланыстыра сөйлей білуді дамыту, қолдың ұсақ қимыл қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

30.7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; факті мен көзқарасты ажырату; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; дәлелді жауап беру, салыстыру, талқылау; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу; қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, есту қабілетіне назар аудару, сақталған анализаторлар қызметін пайдалану;

2) оқылым: мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялау; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктерін талдау; мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастыра білу; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу; сілтеме жасау; қалдық көру қабілетін сақтау,

танымдық белсенділігін арттыру, нашар көретін балалардың екі көзімен көру қабілетін дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу; графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазу; дискуссивті эссе жазу; жинақы мәтін жазу; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау; дұрыс байланыстыра сөйлей білуге тілін дағдыландыру, қолдың ұсақ қимыл қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

31.8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау; әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; астарлы ойды анықтау; тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау; перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу; көз көру және нашар білім берушінің есту қабілетінің жақсы болуына сәйкес, сенсорлық қызметінің (түстерді айыра білу, көзбен шамалау) белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін түзету;

2) оқылым: тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау; сілтеме жасау; қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, танымдық белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін түзету;

3) жазылым: тезистік жоспар құру; мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; аргументативті эссе жазу; бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау; қолдың ұсақ қимыл - қозғалысын дамыту;

4) әдеби тіл нормалары.

32.9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру; мәтінді тыңдауда сақталған анализаторларға сүйене отырып (есту қабілетін) жұмыс істеу, есте сақтау қабілетін түзету, зейінін тұрақтандыру;



2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; көзі нашар көретін білім алушыларға ұлғайтылған қаріппен кесте, диаграммалар ұсыну, қалдық көру қабілетін қорғау, көзі көрмейтін балалардың қолдың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу; (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; мәтіндер құрастыруда байланыстыра сөйлей білу тілін дамыту, танымдық белсенділігін дамыту, бисенсорлық (сезу және қалдық көру) қабілетіне сүйену;

4) әдеби тіл нормалары.

33.10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру; өмірлік мәселелермен байланыстыра және оны пайдалана отырып көру қабілеті бұзылған білім алушылардың есте сақтау қабілетін түзету, зейінін тұрақтандыру, қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау;

2) оқылым: тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру; белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау; көзі нашар көретін білім алушыларға ұлғайтылған шрифте (қаріппе) кесте, сурет, диаграммалар көрсету, сенсорлық қызметін дамыту;

3) жазылым: күрделі жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу; (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу; әр түрлі жанрда мәтіндер құрастыруда зейінін тұрақтандыру, бисенсорлық қабілетін пайдалану;

4) әдеби тіл нормалары.

34. Әдеби тіл нормалары келесіні қамтиды:

1) орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру; мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрдамәтіндер құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графикалық мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстарымен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу; эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу; жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау; Брайль жүйесінде диаграмма, кесте сызу, абзацтар мен бөліктердің орфографияға сай дұрыс таңбалануы;

2) орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

3) лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану;

4) грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

5) пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану; тыныс белгілердің Брайль жүйесінде ережеге сай қолдану.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

35. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» сандардан тұратын кодтық белгімен белгіленді, кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екіншісі – бөлімді (тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормалары), үшінші сан -бөлімшені, төртінші сандар -бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, яғни 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1» –бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

36. Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім «Тыңдалым және айтылым»:

1-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1	5.1.1.1	6.1.1.1	7.1.1.1	8.1.1.1	9.1.1.1	10.1.1.1

Болжау	тірек сөздермен ұсынылған иллюстрациялар арқылы ақырыпты болжау	мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау	мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау	мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; 8.1.1.2 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау	мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау; 9.1.1.2 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру	мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
1.2 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы (әні мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарлама)	6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян,	7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтардағы (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтардағы (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем	9.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтардағы (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасымен экспрессивті-	10.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас

	ндыру) көтерілген мәселені түсіну	жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау	әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау	әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау; 8.1.2.2 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогт ердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау	эмоционалды сөздердің рөлін талдау; 9.1.2.2 қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық, ғылым и тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, монография, мақала, жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау	с, монография, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау
1.3 Мәтіннен ақпаратты	5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұн	6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұны	7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің	8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұны	9.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну,	10.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратт

анықтау	ын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; 5.1.3.2 көзі көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың есту қабілетіне сүйене отырып ақпаратты талдау	н түсіну, детальді ақпаратты анықтау; 6.1.3.2 есте сақтау қабілетін түзеу, танымдық белсенділігін арттыру, есту арқылы қабылдау қабілетін дамыта отырып ақпаратты талдау	мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 7.1.3.2 қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, есту қабілетіне назар аудару, сақталған анализаторлар қызметін пайдалана отырып ақпаратты талдау	н түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 8.1.3.2 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпаратта ойды анықтау; 8.1.3.3 көз көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың есту қабілетінің жақсы болуына сәйкес, сенсорлық қызметінің (түстерді айыра білу, көзбен шамалау)	ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 9.1.3.2 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу; 9.1.3.3 мәтінді тыңдауда сақталған анализаторларға сүйене отырып ақпаратты талдау	ы өмірлік мәселелермен байланыстыра білу, талдау
---------	--	---	---	---	--	--

				белсенділігін дамыту, есте сақтау қабілетін е сүйене отырып ақпаратты талдау		
1.4 Негізгі ойды анықтау	5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударатырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау	7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау	8.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; 8.1.4.2 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау	9.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.1.4.2 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдалым материалы бойын	5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінд	6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы	7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалға	8.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалға	9.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы	10.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын

ша жауап беру және бағалау	е сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша аөз ойын білдіру	және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру	н мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау	н мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 8.1.5.2 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау	мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; 9.1.5.2 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту, талдау	білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту
1.6 Сөйлеу мәдениетін дамыту	5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақта	6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздермен тіркестер, дайын тіркестер	7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-	8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-	9.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми	10.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздермен

	<p>ры арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру</p>	<p>мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу</p>	<p>экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу, ойын анық жеткізу</p>	<p>экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу, ойын анық жеткізу; 8.1.6.2 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын</p>	<p>деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу; 9.1.6.2 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау, ойын анық жеткізу</p>	<p>фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау, ойын анық жеткізу</p>
--	--	--	--	--	--	--



				дәлелді, жүйелі жеткізу		
--	--	--	--	-------------------------------	--	--

2) 2-бөлім «Оқылым»:

2-кесте

Бөлімш елер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау	6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіну	7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	8.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; 8.2.1.2 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру	9.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру; 9.2.1.2 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу	10.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, талдау
2.2 Мәтіннің стильдікерекшілігін тану	5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшелігі	7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолдану	8.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолдану	9.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолдану	10.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолдану

	айырма шылықтарын мәтіндер арқылы тану және талдау	ктерінқол данылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	данылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	данылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау; 8.2.2.2 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерінқол данылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	ылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау; 9.2.2.2 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану және талдау	ған тілдік құралдар арқылы тану және талдау
2.3 Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату	7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату	8.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 8.2.3.2 мақала, аннотация,	9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 9.2.3.2 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы	10.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату

				презентац ия, құрылым ы мен ресімделу і арқылы жанрлық ерекшелі ктерін ажырату	мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелікт ерін ажырату	
2.4 Мәтінд ергесал ыстыр малы анализ жасау	5.2.4.1 ауызекі стильдег і мәтіндер дің мазмұн ын, тақырыб ын және тілдік құралда рын салысты ру	6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндерд ің тақырыб ын,мазмұ нын,тілді к ерекшеліг інсалыст ыру	7.2.4.1 идеясы ұқсас публицис тикалық және көркемэд ебиет стиліндег імәтіндер дің тақырыб ы, құрылым ы, мақсатты аудитори ясы, тілдік ерекшеліг інсалыст ыра талдау	8.2.4.1 идеясы ұқсас публицис тикалық және көркемэд ебиет стиліндег імәтіндер дің тақырыб ы, құрылым ы, мақсатты аудитори ясы, тілдік ерекшеліг інсалыст ыра талдау; 8.2.4.2 тақырыб ы ұқсас ғылыми және публицис тикалық стильдегі мәтіндерд	9.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицист икалық стильдегі мәтіндерді ң тақырыбы н, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымы н салыстыра талдау; 9.2.4.2 әртүрлі стильдегі мәтіндерді ң тақырыбы н, қызметін, құрылымы н, тілдік ерекшелігі нсалыстыр а талдау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндерд ің тақырыб ын, қызметін, құрылым ын, тілдік ерекшеліг інсалыст ыра талдау

